



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



## **СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ  
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)  
ББК 74.58  
Қ 22

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

**Хуснутдинова Ляйля Гельсовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

**Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

**Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)  
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023



ӘОЖ 378.147

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА  
МУЗЫКАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Абдимоминова Дилдаш Каппаровна, педагогикалық ғылымдар магистрі, А. Байтұрсынов ат. ҚӨУ аға оқытушы, E-mail: abdildil@mail.ru*

*Жаксылықов Айсұлтан Хамзаұлы, музыка мамандығының 3-курс студенттері А. Байтұрсынов ат. ҚӨУ, Қостанай қ., Қазақстан, E-mail: zaksylykovajsultan@gmail.com*

*Токушев Диас Нурлыбекович, музыка мамандығының 3-курс студенттері, А. Байтұрсынов ат. ҚӨУ, Қостанай қ., Қазақстан, E-mail: diastokushev@mail.ru*

**Аңдатпа**

Мақалада инклюзивті білім беруде дамуы тежелген бастауыш сынып жасындағы оқушылардың музыканы қабылдау ерекшеліктері талданады. Сондай-ақ, дамуында ауытқуы бар кіші жастағы оқушылардың жеке басының қалыптасуына, баланың ішкі жан дүниесіне әсер етудің сарқылмас мүмкіндіктеріне, оның моральдық-этикалық негіздерінің қалыптасуына музыканың ықпалына назар аударылады. Инклюзивті білім берудегі сыныптардың музыкалық түрлері толығырақ қарастырылады. Музыкалық өнердің гуманистік тәрбие жүйесіндегі маңызы қаралады. Кіші мектеп жасындағы оқушыларының музыка терапиясының көмегімен инклюзивті оқыту моделі талданады. Музыка сабағының әлеуметтік, эстетикалық, көркемдік-семиотикалық қызметі, құрылымы мен мазмұны ашылады.

**Түйінді сөздер:** мүмкіндігі шектеулі балалар, ерекше қажеттіліктері бар балалар, дамуында артта қалған балалар, инклюзивті білім беру, музыка терапиясы.

**Аннотация**

В статье анализируются особенности восприятия музыки младшими школьниками с задержкой развития в инклюзивном образовании. Также внимание уделяется влиянию музыки на становление личности младших школьников с особенностями развития, на неисчерпаемые возможности воздействия на внутренний мир ребенка, на формирование его нравственно-этических основ, на становление личности в целом. Более подробно рассмотрены музыкальные типы занятий в инклюзивном образовании. В статье рассматриваются несколько вариантов структуры доминантного занятия. Обоснована значимость музыкального искусства в системе гуманистического воспитания. Анализируется модель инклюзивного образования младших школьников с помощью музыкальной терапии. Раскрыты социальные, эстетические, художественные и семиотические функции, структура и содержание музыкального занятия.

**Ключевые слова:** дети с ограниченными возможностями, дети с особенностями развития, дети с задержкой в развитии, инклюзивное образование, музыкальная терапия.

**Abstract**

The article analyzes the features of music perception by younger students with developmental delay in inclusive education. Also, attention is paid to the influence of music on the formation of the personality of younger students with developmental disabilities, on the inexhaustible possibilities of influencing the inner world of the child, on the formation of his moral and ethical foundations, on the formation of the personality as a whole. The musical types of classes in inclusive education are considered in more detail. The article discusses several options for the structure of the dominant occupation. The importance of musical art in the system of humanistic education is substantiated. The model of inclusive education of younger schoolchildren with the help of music therapy is analyzed. The social, aesthetic, artistic and semiotic functions, structure and content of a musical lesson are revealed.

**Keywords:** children with disabilities, children with special needs, children with developmental delays, inclusive education, music therapy.

Қазіргі қоғамда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және психологиялық, әлеуметтік мұқтаждықтарын арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және колледж, ЖОО - да өмірлерінде белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату үрдістерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді.

Соның бірі ерекше көмекті қажет ететін бастауыш сынып балаларының музыкалық аспаптарында ойнау оларға үлкен ләззат береді, дербес және шығармашылық көріністерін белсендіреді, сонымен қатар есту, есте сақтау қабілетін дамытады, қол және саусақ қимылдарын үйлестіруді дамытуға ықпал етеді [1,б.20].

Музыкалық өнер гуманистік тәрбие жүйесінде маңызды орын алады. Оның баланың ішкі дүниесіне, оның моральдық-этикалық негіздерінің қалыптасуына, жалпы тұлға болып қалыптасуына әсер етудің сарқылмас мүмкіндіктері бар десек артық айтқандық емес.

Инклюзивті білім беруде музыкалық өнер арқылы баланың табиғатқа, адамға, заттарға деген көзқарасында жанашырлық, қастерлеу, тектілік, шығармашылық және т.б. түріндегі адамгершілік және эстетикалық құндылықтар да қалыптасады. Музыкалық өнер арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды жеке тұлғаға айналдыру проблемасы барлық баланың өмірінде көрініс табады және оларға гуманистік тәрбие беруде де музыкалық өнердің маңыздылығын айқындайтын негізгі нүкте болып табылады.

Музыкалық өнердегі практикалық дағдыларды қалыптастыратын музыкалық іс-әрекет (қабылдау, ән айту, музыкаға ауысу, аспаптарда ойнау) бір мезгілде баланың қарым-қатынас негіздерін, ақпараттық және танымдық қажеттіліктерін дамытуды қамтамасыз етеді, дене мәдениетін тасымалдаушы ретінде дамытуға ықпал етеді. Музыка өнеріне үйрету әлеуметтік қана емес, сонымен қатар эстетикалық, көркемдік және семиотикалық қызметтерді де атқарады.

Топтағы музыкалық қозғалыстар кезінде және ән айтуда инклюзивті білім беруде проблемалары бар бала өзінің жеке ерекшеліктерін көрсетеді, өз іс-әрекетін жалпы міндеттерге бағындыруға үйренеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуы оқу үрдісін ұйымдастыруда арнайы формаларды, әдістерді және құралдарды таңдауды талап етеді және осы құралдардың бірі музыка болып табылады. И.В. Евтушенконың айтуы бойынша, бұл балада зейін, есте сақтау, ойлау, қиялдау, қабылдау және т.б. сияқты психикалық процестерді дамыту құралы болып табылады. Сонымен қатар, автор музыканы балаларда жағымды эмоционалдық жағдайды қалыптастыру және қолдау және адамгершілік тұлғаны қалыптастыру үшін пайдалану керек деп есептейді. Ол өз зерттеулерінде дамуында кемістігі бар кіші жастағы оқушылардың қабылдау қарқыны баяу болатынын, осыған байланысты қабылданатын музыканың табиғатына әрқашан адекватты түрде жауап бере бермейтінін айтады [2,б.45].

Инклюзивті мектептің негізгі қағидасы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар өздерінің дені сау құрбыларымен, олардың арасындағы қиындықтарға немесе айырмашылықтарға қарамастан, барлық оқушылардың және әрбір жеке баланың мүдделерін қанағаттандыратындай етіп ұйымдастырылуы керек.

Мовкебаева З.А. өз зерттеулерінде болашақ педагогтарда дамуы бұзылған әрбір баланың мүмкіндіктері мен спецификалық ерекшеліктеріне сәйкес мектеп пәндерінің бағдарламалық мазмұны мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын бейімдеу; жекеленген оқытуды ұйымдастыруда және бағалау критерийлерін таңдауда нақты әдістерді қолдану; дамуы

қалыпты балалармен және басқалармен нәтижелі тұлға аралық қарым-қатынасты орнату; даму мүмкіндігі шектеулі балаларды нәтижелі оқыту мен дамытуды қамтамасыз ететін дидактикалық материалдарды жасау бойынша кәсіби біліктілікті қалыптастыру қажеттілігін алға тартады [3,б.34].

Бастауыш сыныпта музыка сабағының негізгі түрі музыка тыңдау болып табылады, өйткені бұл музыкалық шығармаларды қабылдау және олардың әртүрлі ерекшеліктерін тыңдау қабілетін қалыптастыру және дамыту бойынша балалармен жұмыстың ең тиімді түрі. Музыканы қабылдау – инклюзивті білім берудегі бастауыш мектеп оқушыларының музыкалық іс-әрекетінің бір түрі, оны музыка мұғалімі ұйымдастырады, ол ойлауды емес, белсенді әрекетті қамтиды, мұнда әуелі музыкалық әсерлердің жинақталуы, оларды саралау, содан кейін ғана тыңдаған музыкаға деген бағалаушы көзқарасын қалыптастыру. Бұл өте қиын жұмыс, өйткені ол баланың нәзік сезімдерімен, қоршаған шындық бейнесін музыкалық бейнелермен салыстыру қабілетімен байланысты.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың музыкалық қабылдауының дамуы сенсорлық танымның жаңа кезеңі болып табылады, оның барысында музыкалық құбылыстардың тұтас бейнесі жасалады. Біртұтас бейне музыкалық экспрессияның жеке құралдарынан туындайды және олардың механикалық орналасуына немесе қосындысына келтірілмейді; музыкалық бейнелеу құралдары, олардың сыртқы дүниемен байланысы, қабылданатын сезімдер мен әрекеттердің жиынтығы туралы түсініктер негізінде қалыптасады. Психикалық дамуы тежелген бастауыш мектеп оқушысының музыкалық қабылдауын дамыту баланың жалпы қабылдауын қалыптастырудың қажетті элементі ретінде көп қырлы процесс болып табылады.

Музыканы қабылдаудың ерекшелігі – үндестіктердің сұлулығын, олардың сан алуан дыбыстардағы мәнерлілігін есту, тыңдаушыда сәйкес көңіл-күйді, сезім мен ойды тудыратын тұтас көркем бейнелерді көру.

Дамуында ақауы бар балалармен музыка сабағын өткізудің мазмұны, ұйымдастырылуы мен әдістемесі, бір жағынан, музыка өнерінің ерекшеліктерімен, екінші жағынан, баланың дамуындағы бұзушылықтардың сипатымен анықталады.

Осыған байланысты музыка сабағының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- дамуында ақауы бар балаларды музыкалық мәдениет негіздерімен таныстыру, олардың музыкалық-эстетикалық қызығушылықтарын, қажеттіліктерін дамыту;

- балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту;

- музыка, музыкалық іс-әрекет арқылы баланың дамуындағы бұзушылықтарды түзетуге ықпал ету;

- балалардың музыкалық әрекетінің әртүрлі түрлері туралы түсініктерін дамыту және осы әрекеттің мүмкін болатын жолдарын қалыптастыру;

- музыка, оның ерекшеліктері, музыкалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлері туралы қолжетімді білімді қалыптастыру;

- жағымды эмоционалдық фон, олардың дербес және шығармашылық іс-әрекетіне мүмкіндіктер жасай отырып, балаларға қуаныш сыйлау;

- сабақ барысында балалардың белсенді қарым-қатынасына, коммуникативті дағдыларын дамытуға, әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету.

Жалпы балалардың эмоционалды-еріктік және мотивациялық-қажеттілік сфералары жетілдіріліп, қабылдау белсенділігі артады, музыкалық тыңдау мәдениеті қалыптасады. Өздеріңіз білетіндей, дамуында кемістігі бар балалар қозғалыс сферасының жетілмегендігімен, бұлшықет тонусының төмендігімен немесе гипертониялықпен, қозғалыстардың нашар үйлестіруімен сипатталады.

Музыкалық сабақтар инклюзивті білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Олардың ерекшелігі – сабақты ұйымдастыру мен өткізу барысында музыкалық-эстетикалық даму міндеттері шешіледі.

Бастауыш мектеп оқушыларының музыка терапиясының көмегімен инклюзивті білім беру моделі денсаулықты сақтауға ықпал етеді. Кіші мектеп жасында караоке әндерін айту оқуды және жазуды үйрену процесін айтарлықтай жеңілдетеді: фонематикалық естуді дамыту, оқу техникасын жетілдіру. Әрбір сабақ пәндік мәселелерді шешетін музыкамен басталып, аяқталады. Біз хормен ән ғана емес, буын, ереже т.б. айтылады. Үзіліс кезінде, әсіресе сабақ арасындағы физминуттарда би музыкасы ойналады. Өзіндік жұмысты музыкалық сүйемелдеу олардың орындалу сапасын және өзін-өзі тәрбиелеу деңгейін арттырады.

Музыка сабақтарын құрастыру кезінде:

- балалардың психикалық, физикалық, эмоционалдық күйзелістерін ескеру;

- музыкалық репертуарды меңгеру және қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыру процесінде музыкалық қабілеттерді дамытуда сабақтастық орнату;

- музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлерінің өзара байланысы мен логикалық бірізділігін қамтамасыз ету;

- балалардың жас ерекшеліктерін және олардың дамуындағы бар ауытқулардың ерекшеліктерін ескеру;

- музыкалық дамудың оқу-тәрбиелік міндеттерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Музыка сабағының құрылымының тиімділігі көбнесе байланысты болады:

- оқу материалының мазмұны;

- тәрбиелік мақсаттар мен міндеттер;

- оқыту әдістері мен тәсілдері;

- балалардың жас және жеке ерекшеліктері;

- мұғалімнің кәсіби қасиеттері, оның балалармен тіл табыса білуі, проблемасы бар баланың музыкалық даму технологиясын білуі.

Құрылымы мен мазмұнына қарай музыка сабақтары дәстүрлі (немесе типтік), басым (доминанты), тақырыптық және кешенді болып бөлінеді. Доминанттық сабақтар - құрылымында музыкалық әрекеттің бір түрі басым болатын сабақтар. Оқытудың бұл түрі балалардың музыкалық әрекеттің белгілі бір түрі бойынша артта қалуын жою үшін қолданылады. Бұл жағдайда музыкалық әрекеттің басқа түрлері көмекші болып табылады. Осыған байланысты доминанттық сабақ құрылымының бірнеше нұсқасын ажыратуға болады:

- қабылдау басымдықпен айналысу-музыканы тыңдау;

- құрылымында әншілік қызметі басым болатын;

- музыкалық-ритмикалық іс-әрекеттің басымдығымен айналысу;

- құрылымында балалардың музыкалық аспаптарында ойнауға басымдылық.

Мұндай сабақ түрін мұғалім, мысалы, белгілі бір жас тобындағы балалар ән айту әрекетінің дамуында артта қалса немесе музыкалық-ритмикалық қимылдарды меңгеру қиынға соғатын болса және т.б. кезінде көбірек қолданады.

Осылайша, дамуы тежелген инклюзивті білім беретін бастауыш сынып оқушылардың басты ерекшелігі - аурудың жағымсыз ағымын жеңу қабілеті. Осы ағымдарды теңестіру құралдарының бірін кейбір ғалымдар әуен немесе музыка сабағы деп атайды.

Музыкалық сабақтар эстетикалық және этикалық құндылықтарды дамытуға, мәдениет әлеміне енуге, сөйлеу қабілеттерін, есте сақтауды, зейінді және қиялды дамытуға арналған тамаша кеңістік болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1.Ворожцова О.А. Музыка и игра в детской психотерапии. -Москва: Просвещение, 2004.-178с.

2.Евтушенко И.В. Музыкальное воспитание умственно отсталых детей-сирот. -Москва: Просвещение, 2003.-45с.

3.Мовкебаева З.А. Роль высших учебных заведений в модернизации процесса образования лиц ограниченными возможностями в развитии// Вестник КазНПУ имени Абая (Серия «Специальная педагогика». 2012. № 1-2 (28-29). -34-38с.

**УДК 37.017.4:371.12**

### **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ**

*Абдракова Аида Бекетовна, магистр педагогики, ТарПУ им. М.Х.Дулати, г.Тараз, Казахстан, E-mail: aida.abdrakova@mail.ru*

*Еркебаева Насиба Джалғасовна, учитель начальных классов КГУ "Средняя школа № 23 отдела образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области", г.Тараз, Казахстан, E-mail: n.erkebaeva@list.ru*

*Сидорова Марина Владимировна, учитель начальных классов КГУ"Средняя школа № 23 отдела образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области", г.Тараз, Казахстан, E-mail:[sidorova.71@mail.ru](mailto:sidorova.71@mail.ru)*

#### **Аннотация**

В статье рассматриваются вопросы, раскрывающие условия модернизации школьного образования, требующих специальной подготовки учителей начальной школы к реализации парадигмы личностно-ориентированного образования.

**Ключевые слова:** мастерство, профессионализм, личность, способности, мышление.

#### **Аңдатпа**

Мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің жеке тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасын жүзеге асыруға арнайы дайындығын талап ететін мектептегі білім беруді модернизациялау шарттарын ашатын мәселелер қарастырылады.